



Келісемін:
мектеп директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасарлары
Шокаева А.Т.
Алиманов А.Ж.

ӘБ отырысында
қаралды:
хаттама №1,27.08.2025
ӘБ жетекшісі
Сабырова Г.К.

«Өлеңті ауылының жалпы орта мектебі»КММ

2025-2026 оқу жылындағы жаратылыстану- математикалық цикл пәндері әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары

Жаратылыстану-математикалық пәндер әдістемелік бірлестігінің тақырыбы:

«Жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін дамыту- білім сапасын арттыру жолы»

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің мақсаты:

«Білім берудің жаңашыл жетістіктерін пайдаланып, оқушыларға нәтижелі білім беру»

Бірлестіктің міндеттері:

- ҚР Білім беру стандартына, 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатына сәйкес оқушыларға сапалы білім беру , стандарт бойынша білімді қамту.
- Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін шыңдау үшін , әдістемелік семинар, тәжірибе алмасу әр мұғалім өз мамандығы бойынша жан-жақты іздену;
- Әдістемелік ақпарат көздерін пайдаланып, білім жетілдіру курстарында болған жаңалықтар бойынша әдістемелік отырыстарда талдау жасау , сараптау.
- Мұғалімдердің аттестацияға дайындалуына әдістемелік көмек көрсету
- Пәндік олимпиада бойынша жүргізілген жұмыстарды сараптау;
- ОЖСБ, 9,11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық деңгейін талдау.
- Сабақтарда оқушылардың жаратылыстану-ғылыми, функционалдық сауаттылығын қалыптастыру
- Дарынды оқушылармен жұмыс түрлерін жетілдіру;
- Үлгерімі төмен оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру.

Негізгі іс-шаралар

Жаңа оқу жылына дайындық

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	2024-2025 оқу жылының қорытындысы	тамыз	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
2	Жаңа білім стандарты бойынша күнтізбе жоспарын қарап, оқулықтарға сай келуін бақылау	тамыз	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
3	Таңдау курстары, үйірме жұмыстары, дарынды оқушылармен жұмыс жоспарларын қарау , бекіттіру.	тамыз	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
4	Кабинеттердің жабдықталу жұмыстарын тексеру	тамыз	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
5	Жаратылыстану-математикалық цикл пәндері әдістемелік бірлестігі мұғалімдері тізімін нақтылау	тамыз	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
6	2025-2026 оқу жылындағы ӘБ жоспарымен таныстыру	тамыз	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
7	ҰБТ-ге талдау жасау, алдағы уақытта өтетін ҰБТ-ге дайындықты пысықтау	қыркүйек	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
8	Жас маманға тағайындалған тәлімгердің жұмыс жоспарын бекіту	қыркүйек	ӘБ жетекшісі

Оқу –тәрбие жұмысы

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Пәндер бойынша кешенді диагностикалық жұмыс жүргізу	қыркүйек	Пән мұғалімдері
2	Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істеу кестесін құру	Қыркүйек қазан	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
3	Дарынды балаларды іріктеу, қолдау көрсету, дамыту	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
4	Мектепшілік ЖМЦ пәндер олимпиадасын өткізу	қазан	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
5	Ақысы төленетін ЖМЦ пәндері дәптерлерін тексеру	Ай сайын	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
6	Жас мамандармен жұмыс барысы	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі, тәлімгер
7	ЖМЦ пәндер онкүндігін өткізу	19.01-30.01	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
8	Өзара сабақтарға қатысу	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
9	Түрлі деңгейдегі шараларға :пән олимпиадалары, турнирлер, марафондарға ,т.б.қатысу, оқушыларды қатыстыру («Ақбота», «Алтын сақа», «Ауыл» олимпиадасы, «Кенгуру», «Зерде», «Ғылыми жұмыс» т.б)	Жыл бойы	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
10	ЖМЦ пәндері бойынша жасөспірімдер олимпиадасының аудандық кезеңіне оқушыларды дайындау , қатыстыру	сәуір	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері

ӘДІСТЕМЕ БІРЛЕСТІГІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Рет №	Мазмұны	уақыты	жауапты
1-отырыс			
1	2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың нәтижелері	тамыз	ӘБ жетекшісі ӘБ мүшелері
	Жаңа оқу жылына арналған ӘБ ережесін, оның құрылымын, кеңес мүшелерінің құрамын бекіту. Оқу жылында курстан өтетін, аттестациядан өтетін мұғалімдер тізімін жасау.		
	Әдістемелік нұсқау хаты негізінде үй тапсырмасы мен дәптерлерге қойылатын талаптарды хаттамалау, талқылау, бекіту.		
	Пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын тексеру, бекітуге ұсыну		
	Дарынды және үлгерімі төмен оқушыларды анықтап, олармен жұмыс ұйымдастыру.		
	2025-2026 оқу жылындағы ӘБ жоспарын талдау, бекітуге ұсыну		
2-отырыс			
2	Іс – тәжірибемен бөлісу: «Биология сабақтарында ЖИ – ті тиімді қолдану»	қазан	Мукашев Н.А.
	«Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру» коучинг		Охан М.
	Мектепшілік пән олимпиадасының тапсырмаларын қарастырып бекіту		Пән мұғалімдері
	I тоқсан қорытындысы.		ӘБ жетекшісі
3-отырыс			
3	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің аттестацияға дайындық барысы	қаңтар	Аттестациядан өтетін мұғалімдер
	Оқушылардың білім сапасын жақсартудағы аралық және қорытынды бақылаулардың ролі. ҰБТ - ге дайындық.		Пән мұғалімдері
	Ой бөлісу: «Химия сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру әдістері»		Худайбергенова М.Ш.
	Әдістемелік бірлестіктің I жарты жылдық жұмыс есебі.		ӘБ жетекшісі
4-отырыс			
4	«Химия сабақтарында интербелсенді тәсілдерді қолдану» баяндама	наурыз	Кайрбаева А.Д.
	«Зерде», ғылыми жоба барысы. Ғылыми жобамен айналысып жүрген оқушылардың жұмыстарын қорытындылау.		Жоба жетекшілері
	III тоқсан қорытындысы		ӘБ жетекшісі

5-отырыс

5	2025-2026 оқу жылындағы ӘБ жұмысының қорытындысы	мамыр	ӘБ жетекшісі және пән мұғалімдері
	Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жасалған жұмыстар жайында есеп		
	Пән мұғалімдерінің жұмыстарының қорытындысы		

«Өлеңті ауылының ЖОББМ»КММ» бойынша ЖМЦпәндері әдістемелік бірлестігінің 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсанында атқарылған жұмысы туралы есеп

ЖМЦ пәндер әдістемелік бірлестігінің тақырыбы:

«Жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін дамыту- білім сапасын арттыру жолы»

ЖМЦ пәндер бірлестігінің мақсаты:

«Білім берудің жаңашыл жетістіктерін пайдаланып, оқушыларға нәтижелі білім беру»

2025 – 2026 оқу жылының I тоқсан қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар:

- 2024-2025 оқу жылының әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары бойынша атқарылған жұмыс жоспарының қорытынды есебі таныстырылды;
- Жаңа оқу жылының жұмыс жоспары қаралып, бекітуге ұсынылды;
- Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Жаңа білім стандарты бойынша күнтізбе жоспарын қарап, оқулықтарға сай келуін бақылау ұйымдастырылды;
- Дарынды оқушылармен жұмыс жоспарларын қаралып, бекітілді.
- Кабинеттердің жабдықталу жұмыстары тексерілді, кабелком орнату жөнінде ескерту беріліп, түзетілді;
- Қоғамдық –гуманитарлық цикл пәндері әдістемелік бірлестігі мұғалімдері тізімі нақтыланды;
- 2025-2026 оқу жылындағы ӘБ жоспарымен бірлестік мүшелері толықтай таныстырылды;
- ҰБТ-ге талдау жасау, алдағы уақытта өтетін ҰБТ-ге дайындықты пысықтау мақсатында кесте құрылып, бекітілді;
- Пәндер бойынша кешенді диагностикалық жұмыс жүргізу мақсатында барлық пәндерден 0-дік бақылау алынды, нәтижесімен талдауы тапсырылды;
- Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істеу кестесін құрылып, пән мұғалімдері кесте бойынша жұмыс жүргізуде;
- Дарынды балаларды іріктеу, қолдау көрсету, дамыту мақсатында мектепшілік олимпиадаларға, аудандық олимпиадаларға үнемі қатыстырылуда, аудандық кезең бойынша жүлделі орын иегерлері бар. Республикалық пән олимпиадаларының аудандық кезеңінде:б «А» сынып оқушысы Жанатқызы Фарида жаратылыстану пәнінен 1 орын иеленді, жетекшісі Сабырова Г.К. Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі құрылымымен және нормативтік-құқықтық аспектілермен таныстырылды, осы негізде биология пәні мұғалімі Мукашев Н.А. өз іс-тәжірибиесімен педагогикалық кеңесте бөлісті;
- Әдістемелік бірлестік отырысында іс –тәжірибемен бөлісу:«Биология сабақтарында ЖИ –ті тиімді қолдану» пән мұғалімі Мукашев Н.А., «Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру» коучингті Охан М.өткізді.

- I тоқсандық білім сапасының мониторингі 2024-2025 оқу жылының қорытындысымен динамикалық салыстыру нәтижесі тапсырылды;
- Мектепшілік ЖМЦ пәндер олимпиадасы өткізілді, нәтижесі тапсырылды;
- Ақысы төленетін ЖМЦ пәндері дәптерлерін тексерілуде, ескертулер пән мұғалімдеріне айтылды, уақытылы түзету жұмыстары жүргізілді.

Қорыта келсем, бұл жұмыстардың барлығы оқушылардың білім алу қызығушылығын арттыруға бағытталған, оқыту үдерісін ұйымдастырудың жоспары және білім сапасымен қатар оқу-тәрбие жұмысын толыққанды орындауға арналған. Атқарылған жұмыстар негізінде мақсатымызға жеттік.

ӘБ жетекшісі: Сабырова Г.К.